

---

**KK** Кептіргіш барабан  
**RU** Сушильный барабан

---

Қолдану туралы нұсқаулары 2  
Инструкция по эксплуатации 26

## МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ.....	3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....	5
3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ.....	7
4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ.....	7
5. БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ.....	8
6. ФУНКЦИЯЛАР.....	10
7. ПАРАМЕТРЛЕР.....	11
8. ЕҢ АЛҒАШ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА.....	12
9. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ.....	13
10. АҚЫЛ-КЕҢЕС.....	15
11. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ.....	16
12. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ.....	19
13. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК.....	20
14. ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ.....	23

## СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

**Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:**



Пайдалануға қатысты кеңесті, кітапша, ақаулықты түзету, қызмет көрсету және жөндеу туралы ақпаратты мына жерден алыңыз:

**[www.electrolux.com/support](http://www.electrolux.com/support)**



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:

**[www.registerelectrolux.com](http://www.registerelectrolux.com)**



Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:


**[www.electrolux.com/shop](http://www.electrolux.com/shop)**

## ТҰТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ


Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.

Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.

 Ескерту / Қауіп-қатерден сақтандыру ақпараты

 Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес

 Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

## 1. ⚠ ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ

Бұл құрылғыны орнату және іске қолдану алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Дұрыс орнатпау немесе пайдаланбау нәтижесінде орын алған жарақат немесе зақымға өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықтарды кейін қарап жүру үшін әрқашан қауіпсіз және қол жетімді жерде сақтаңыз.

### 1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі



**ЕСКЕРТУ!**

Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе кемтар болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы не құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе, онда қолдануына болады.
- 3 және 8 жас арасындағы балалар мен мүмкіндіктері өте шектеулі мүгедек адамдарды басқалар қадағаламаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.
- 3 жасқа толмаған балаларды үнемі қарап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстап, қоқысқа тиісті түрде тастау керек.
- Жуғыш заттарды балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз.
- Құрылғыда бала қауіпсіздігінің құралы бар болса, оны қосу керек.

- Балалар құрылғыны жөндеу және тазалау жұмыстарын бақылаусыз орындамауы керек.

## 1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Егер кір жуғыш машинаның үстіне кір кептіргіш машина қойылып тұрса, орнату жинағын пайдаланыңыз. Уәкілетті дилерден алуға болатын орнату жинағын керек-жарақтармен бірге жеткізілетін нұсқаулықта көрсетілген құрылғыларда ғана пайдалану керек. Орнатуды бастамай тұрып мұқият оқыңыз (Орнату кітапшасын қараңыз).
- Құрылғыны жеке орнатуға немесе дұрыс орын қалдыра отырып ас үй қаптамасының астына орнатуға болады (Орнату кітапшасын қараңыз).
- Құрылғыны бекітілетін есіктің артына, сырғыма есіктің артына не топсасы керісінше орналасқан, құрылғының есігін толық ашуға кедергі жасайтын жерлерге орнатпаңыз.
- Табанындағы желдеткіш саңылауларға кілем, төсеніш немесе еденнің қаптамасы кедергі жасамауға тиіс.
- АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыны таймер сияқты сырттан қосатын құралмен жабдықтамау немесе жиі қосылып және сөніп тұратын желілерге қоспау керек.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана қосыңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қуат сымына зақым келсе, электр қатерінен сақтандыру үшін оны өндіруші немесе оның уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Ең көбі 7 кг-нан асырмаңыз ("Бағдарлама кестесі" тарауын қараңыз).

- Өнеркәсіп химикаттарымен ластанған заттар үшін осы құрылғыны қолданбаңыз.
- Құрылғының айналасына жиналып қалған қыл-қыбырды немесе орамдарды тазалаңыз.
- Құрылғыны сүзгісін салмай іске қоспаңыз. Пайдаланар алдында немесе пайдаланып болғаннан кейін қыл-қыбыр сүзгісін тазалаңыз.
- Жуылмаған киімдерді кір кептіргіш машинада кептірмеңіз.
- Тағам пісіретін май, ацетон, алкоголь, бензин, керосин, дақ кетіргіштер, скипидар, балауыз және балауыз кетіргіш тәрізді заттарды, кір кептіргіш машинада кептірмей тұрып, қосымша жуғыш зат пайдаланып, ыстық сумен жуу керек.
- Көбік резеңке (латекс көбік), моншада киілетін қалпақтар, су өткізбейтін текстиль, резеңкемен астарланған заттар мен киімдерді немесе резеңке толтырылған жастықтарды кір кептіргіш машинада кептіруге болмайды.
- Мата жұмсартқыштарды немесе ұқсас заттарды мата жұмсартқыштың нұсқауларына сәйкес пайдалану керек.
- Темекі тұтатқыш немесе сіріңке тәрізді өрт көзіне айналуы мүмкін заттардың барлығын алыңыз.
- ЕСКЕРТУ: Егер барлық кір дереу алынып, қызулары тезірек тарап кетпесе, кір кептіргіш машинаны ешқашан кептіру циклы аяқталмай тұрып тоқтатпаңыз.
- Кез келген жөндеу жұмысын орындау алдында құрылғыны сөндіріп, ашаны розеткадан суырыңыз.

## 2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

### 2.1 Орнату

- Орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге жеткізілген орнату нұсқауларын орындаңыз.
- Құрылғы ауыр болғандықтан, орнынан жылжытқан кезде әрқашан абай болыңыз. Әрқашан қауіпсіздік қолғабы мен бітеу аяқ киім киіңіз.
- Құрылғыны температурасы 5°C градустан төмен немесе 35°C градустан жоғары жерге орнатпаңыз немесе қолданбаңыз.

- Құрылғы орнатылатын еден тегіс, орнықты, қызуға төзімді және таза болуға тиіс.
- Құрылғы мен еден арасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде Әрқашан тік қалыпта ұстаңыз.
- Құрылғының артқы жағын қабырғаға қаратып қою керек.
- Құрылғыны тұрғылықты орнына қойғаннан кейін, ватерпас арқылы деңгейінің әбден дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз. Деңгейі дұрыс болмаса, тіректерін тиісінше реттеңіз.
- Кір дақ кетіргішпен жуылған болса, кептіру циклын бастау алдында қосымша шаю циклын қосыңыз.
- Құрылғыда кептіруге болатын маталарды ғана кептіріңіз. Матаның затбелгісіндегі тазалауға қатысты нұсқауларды орындаңыз.
- Тазартылған суды/конденсат суды ішпеңіз, оны тағам дайындау үшін пайдаланбаңыз. Себебі адамдар мен жануарлардың денсаулығына нұқсан келтіруі мүмкін.
- Құрылғының ашық тұрған есігінің үстіне отыруға немесе үстіне шығып тұруға болмайды.
- Суы сорғалап тұрған киімдерді құрылғыға салып кептірмеңіз.

## 2.2 Электртоғына қосу



### ЕСКЕРТУ!

Өрт және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтасындағы параметрлердің негізгі қуатпен жабдықтау желісіндегі электр параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, соққыға төзімді розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптер мен ұзартқыш сымды қолданбаңыз.
- Құрылғыны ажырату үшін электр сымынан тартпаңыз. Әрдайым қорек ашаны қолмен тартып шығарыңыз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.

## 2.3 Қолдану



### ЕСКЕРТУ!

Жарақат алу, электр қатері, күйіп қалу, өрт қаупі, құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Бұл тек үйде ғана пайдалануға арналған құрылғы.
- Төсемесі немесе толтырмасы (жыртылған, сөгілген) бар, нұқсан келген заттарды кептірмеңіз.

## 2.4 Күту менен тазалау



### ЕСКЕРТУ!

Жарақат алу немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және буды қолданбаңыз.
- Құрылғыны дымқыл жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Бейтарап жуғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкелерді, еріткіштерді немесе металл заттарды пайдаланбаңыз.

## 2.5 Сервис

- Құрылғыны жөндеу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тек ғана фирмалық қосалқы бөлшектерді қолданыңыз.

## 2.6 Қоқысқа тастау



### ЕСКЕРТУ!


Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны электр және сумен жабдықтау желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыға жақын орналасқан электр сымын кесіп, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар немесе үй жануарлары барабанға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін ағытып алыңыз.

- Құрылғыны Ескірген электр және электроника құрылғыларын тастауға (WEEE) арналған

жергілікті ережелерге сәйкес тастаңыз.


### 3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ






- 1 Су сауыты
- 2 Басқару панелі
- 3 Құрылғының есігі
- 4 Сүзгі
- 5 Техникалық ақпарат тақтайшасы
- 6 Ауа саңылаулары
- 7 Қызу алмастырғыштың қақпағы
- 8 Қызу алмастырғыштың қалқаны
- 9 Реттемелі тірек


- i** Кірді оңай салу үшін немесе ауыстырылатын есікті оңай орнату үшін. (ілеспе парақты қараңыз).

### 4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ




- 1 Бағдарлама тетігі және ● RESET түймешігі
- 2 Дисплей
- 3 Кептіру уақыты түймешігін басыңыз
- 4 Кешіктіріп бастау түймешігін басыңыз
- 5 Бастау/Үзіліс түймешігін басыңыз
- 6 Мыжылудан қосымша сақтау түймешігін басыңыз
- 7 Нәзік мата түймешігін басыңыз
- 8
- 9

- 8** Индикатор:  сүзгіні тазалаңыз,  төгілетін су сауытын босатыңыз,  конденсаторды тексеріңіз
- 9** Қосу/Өшіру түймешігі













 Сенсорлық түймешіктердің белгісі не функция атауы көрсетілген тұсын саусағыңызбен түртіңіз. Басқару панелін қолданғанда қолғап кимеңіз. Басқару панелінің үнемі таза және құрғақ болуын қамтамасыз етіңіз.

## 4.1 Дисплей



Бейнебеттегі белгі	Белгі сипаттамасы
	бала қауіпсіздігінің құралы қосұлы
— — —	теріс таңдау не тетік ● "Қайта қалп. келт." қалпына қойылған
2 : 0 0	бағдарлама ұзақтығы
: 1 0 - 2 : 0 0	Кептіру уақытының ұзақтығы
1 h - 2 0 h	кешіктіріп бастау уақыты

## 5. БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ


Бағдарлама	Жүк <sup>1)</sup>	Ерекшеліктері / Мата түрі <sup>2)</sup>
 <sup>3)</sup> Мақта мата Eco	7 кг	Қуатты барынша үнемдеп, мақта матаны "мақта мата, шкафқа" кептіру деңгейіне дейін кептіруге арналған цикл. /  
Мақта мата Өте құрғақ	7 кг	Кептіру деңгейі: өте құрғақ. /  
Мақта мата Шкафқа	7 кг	Барлық мақта мата түрлерін сақтауға болатын (шкафқа) етіп кептіруге арналған цикл. /  
Мақта мата Үтіктеуге	7 кг	Кептіру деңгейі: үтіктеуге жарамды. /  
Синтетика Өте құрғақ	3,5 кг	Кептіру деңгейі: өте құрғақ. /   



Бағдарлама	Жүк <sup>1)</sup>	Ерекшеліктері / Мата түрі <sup>2)</sup>
Синтетика Шкафқа	3,5 кг	Кептіру деңгейі: шкафқа. / ☹️☹️☹️
Жеңіл үтіктеу	1 кг (немесе 5 жейде)	Шамалы ғана үтіктеуді қажет ететін, көп күтім талап етпейтін маталар. Кептіру нәтижесі матаның түріне қарай өзгеше болуы мүмкін. Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз. Бағдарлама аяқталған кезде заттарды дереу алып, ілгішке іліңіз. / ☹️☹️☹️
Кептіру уақыты	5кг	Бұл бағдарламада Кептіру уақыты функциясын қолдануға және бағдарлама уақытын орнатуға болады. Кептіру уақыты жүк салмағына сай келуі керек, мысалы, 5кг мақта мата үшін 2сағ. / ☹️☹️☹️
Жаңарту	1кг	Шкафта тұрған маталарды жаңарту.
Аралас	3кг	Мақта мата және синтетика маталар. Төмен температуралы бағдарлама. Жылы ауаны пайдаланып баппен кептіретін бағдарлама. / ☹️☹️☹️
Спорт	2кг	Спорт киімдері, жұқа және жеңіл маталар, микроталшық, полиэстер. / ☹️☹️☹️
Төсек жаймалары	3кг	Жалқы және қос қабат төсек жаймалары, жастық қаптары, көрпе тысы. / ☹️☹️☹️
Деним	4кг	Джинс, жейде тәрізді қалыңдығы әр түрлі (мысалы, мойыны, манжеті, тігістері) материалдан жасалған, демалыс киімдері. / ☹️☹️☹️
Нәзік мата	4кг	Вискоза, жасанды жібек, акрил және басқа қоспалар. / ☹️☹️☹️

1) Ең үлкен салмақ құрғақ заттардың негізінде берілген.


2) Мата таңбасының мағынасын АҚЫЛ-КЕҢЕС: Кірді дайындау тармағынан қараңыз.

3)  Мақта мата Шкафқа ЕСО бағдарламасы ЕО Комиссиясының №392/2012 директивасына сәйкес келетін "Стандартты мақта мата бағдарламасы" болып табылады. Бұл қалыпты деңгейдегі дымқыл мақта матаны кептіруге арналған және дымқыл мақта маталарды кептіру үшін қуатты үнемдеу жағынан барынша тиімді бағдарлама.

## 6. ФУНКЦИЯЛАР

### 6.1 Нәзік мата

Осы функцияның көмегімен төмен температуралы нәзік кептіру бағдарламасын орнатуға болады. Бұл опцияны матасының жапсырмасына

 белгісі салынған маталар үшін (мысалы, акрил, вискоза) қолданыңыз.

### 6.2 Мыжылудан қосымша сақтау

Кептіру циклының соңында мыжылудан сақтау фазасын 60 минутқа созады. Бұл функция

мыжылуды азайтады. Мыжылудан сақтау циклы кезінде кірді шығарып алуға болады.

### 6.3 Кептіру уақыты

Бағдарламаның уақытын ең кемі 10 минуттан бастап, ең көбі 2 сағатқа дейін қоюға болады. Қажетті уақыт құрылғының ішіндегі кірдің мөлшеріне байланысты қойылады.



Аз кір жуғанда немесе бір ғана кірді жуған кезде бағдарлама уақытын азайтуды ұсынамыз.


### 6.4 Функциялар кестесі

Бағдарламалар <sup>1)</sup>	Нәзік мата	Мыжылудан қосымша сақтау	Кептіру уақыты
 Мақта мата Eco	■	■	
Мақта мата Өте құрғақ	■	■	
Мақта мата Шафқа	■	■	
Мақта мата Үтіктеуге	■	■	
Синтетика Өте құрғақ	■	■	
Синтетика Шафқа	■	■	
Жеңіл үтіктеу	■	■	
Кептіру уақыты	■	■	■
Жаңарту	■	■	
Аралас	■	■	■
Спорт	■	■	
Төсек жаймалары	■	■	
Деним	■	■	

Бағдарламалар <sup>1)</sup>	Нәзік мата	Мыжылудан қосымша сақтау	Кептіру уақыты
Нәзік мата	■	■	

1) Бағдарламаға 1 немесе одан көп функцияларды орнатуға болады. Оларды қосу не ажырату үшін тиісті сенсорлық түймешікті басыңыз.

## 7. ПАРАМЕТРЛЕР



- A. Кептіру уақыты түймешігін басыңыз
- B. Кешіктіріп бастау түймешігін басыңыз
- C. Бастау/Үзіліс түймешігін басыңыз
- D. Мыжылудан қосымша сақтау түймешігін басыңыз
- E. Нәзік мата түймешігін басыңыз

### 7.1 Бала қауіпсіздігі функциясы

Бұл опция бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде, балаларға құрылғымен ойнауға жол бермейді. Сенсорлық түймелер бұғатталған.

Қосу/сөндіру түймешігі ғана бұғатталмай тұрады.

### Бала қауіпсіздігі функциясын қосу:

1. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
  2. (E) сенсорлық түймесін бірнеше секунд басыңыз.
- Бала қауіпсіздігі функциясының индикаторы жанады.



Бала қауіпсіздігі функциясын бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде ажыратуға болады. Осы сенсорлық түймелерді бала қауіпсіздігі индикаторы сөнгенше басып тұрыңыз. Бала қауіпсіздігінің құралы құрылғыны қосқаннан кейін 8 үшін қолжетімді емес.

### 7.2 Кірде қалған ылғалды реттеу



"Кірде қалған ылғалдылықты реттеу" режиміне кірген сайын алдыңғы орнатылған ылғалдылық деңгейінің мәні, келесі мәнге ауысады (мысалы, алдыңғы орнатылған - 2 - мән - 1 - мәніне өзгереді).

Қалған ылғалдың әдепкі деңгейін өзгерту үшін:

1. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
2. Кез келген бағдарламаны орнату үшін бағдарлама тетігін қолданыңыз.
3. Шамамен 8 секунд күтіңіз.
4. (E) және (D) түймелерін қатар басыңыз.

Осы индикаторлардың бірі жанады:

- - 0 - макс. құрғақтық
- - 1 - барынша құрғақ кір
- - 2 - қалыпты құрғақ кір

5. (E) және (D) түймелерін дұрыс деңгейдің индикаторы жанғанша қайта басыңыз.



Қалған ылғалдылық деңгейін орнатып жатқанда дисплей қалыпты режимге ауысса (2-қадамда таңдалған бағдарламаның уақыты көрсетіледі) (E) және (D) түймелерін қайта қатар басып, "Кірде қалған ылғалдылықты реттеу" режиміне кіріңіз (алдыңғы орнатылған ылғалдылық мәні келесі мәнге ауысады).

6. 5 секундтан кейін дисплей қалыпты режимге оралады.

### 7.3 Су сауытының индикаторы

Әдетте су сауытының индикаторы жанып тұрады. Бұл индикатор бағдарлама аяқталған кезде немесе су сауытын босату қажет болған кезде жанады.



Егер су төгу жинағы (қосымша керек-жарақ) орнатылса, құрылғы су сауытындағы суды автоматты түрде төгеді. Бұндай жағдайда су сауытының индикаторын сөндіріп қоюды ұсынамыз.

### Су сауытының индикаторын сөндіру:

1. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
2. Шамамен 8 секунд күтіңіз.
3. (B) және (D) түймешіктерін бірге басып ұстап тұрыңыз.

Дисплейде осы 2 теңшелімнің бірі көрсетіледі:

- Дисплейде "Сөндіру" көрсетіледі. 5 секундтан кейін дисплей қалыпты режимге оралады.
- Дисплейде "Қосу" көрсетіледі. 5 секундтан кейін дисплей қалыпты режимге оралады.

### 7.4 Сигнал қосуды/сөндірулі

Дыбыстық сигналдарды сөндіру немесе қосу үшін (A) және (B) сенсорлық түймешіктерін шамамен 2 секунд бірге басып ұстап тұрыңыз.

## 8. ЕҢ АЛҒАШ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА



Кептіргішті бірінші рет іске қосқанда, барабанның артқы құлыптары автоматты түрде алынады. Шамалы шуыл естілуі мүмкін.

#### Барабанның артқы құлын ашу үшін:

1. Құрылғыны қосыңыз.
2. Кез-келген бағдарламаны орнатыңыз.
3. Бастау/Үзіліс түймешігін басыңыз.

Барабан айнала бастайды. Барабанның артқы құлыптары автоматты түрде сөнеді.

#### Заттарды кептіруге арналған құрылғыны пайдалану алдында:

- Кір кептіргіш машинаның барабанын дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- Ылғал киімдерді салып 1 сағаттық бағдарламаны бастаңыз.

## 8.1 Ерекше иіс

Құрылғы тығыз оралған.

Өнімді қораптан шығарғаннан кейін ерекше иісті сезінесіз. Бұл жаңа өнімдер үшін қалыпты жағдай.


Құрылғы әр түрлі материалдардан жасалған, олардың бәрі бірігіп ерекше иіс шығарады.

Пайдалану барысында бірнеше кептіру циклынан кейін ерекше иіс біртіндеп жоғалады.


## 8.2 Шуыл түрлері

- i** Кептіру циклы кезінде әр түрлі уақытта әр түрлі шуыл естілуі мүмкін. Бұл қалыпты жұмыс кезіндегі дыбыстар.


**Айналмалы барабан.**



**Жұмыс істейтін кептіргіштер.**




**Сорғы жұмыс істеп, сауытқа конденсатты жібереді.**



## 9. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ

### 9.1 Кешіктіріп бастау функциясы жоқ бағдарламаны бастау

1. Кірді дайындап, құрылғыға салыңыз.



#### **АБАЙЛАҢЫЗ**

Есікті жапқан кезде құрылғының есігі мен резеңке тығыздағышының арасына кір қыстырылып қалмағанын тексеріңіз.

2. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймешігін басыңыз.
3. Кірдің түріне қарай дұрыс жуу бағдарламасын және функцияларын орнатыңыз. Дисплейде бағдарлама уақыты көрсетіледі.



Нақты кептіру уақыты кірдің түріне (мөлшері мен құрамы), бөлме температурасына және айналдыру циклынан кейін кірдің қаншалықты дымқыл болатынына байланысты.

4. Бастау/Үзіліс сенсорлық түймесін басыңыз.

Бағдарлама басталады.

## 9.2 Кешіктіріп бастау функциясы бар бағдарламаны бастау

1. Кірдің түріне қарай дұрыс жуу бағдарламасын және функцияларын орнатыңыз.
2. Кешіктіріп бастау түймесігін бейнебетте қажетті кешіктіріп бастау уақыты пайда болғанша қайта-қайта басыңыз.



Бағдарламаны ең кемі 1 сағаттан бастап, ең көбі 20 сағатқа дейін кешіктіріп бастай аласыз.

3. Бастау/Үзіліс түймесігін басыңыз. Бейнебетте кешіктіріп бастау функциясының кері санағы көрінеді. Кері санақ аяқталған кезде, бағдарлама басталады.

## 9.3 Бағдарламаны өзгерту

1. Құрылғыны сөндіру үшін қосу/сөндіру түймесігін басыңыз
2. Құрылғыны іске қосу үшін қосу/сөндіру түймесігін басыңыз.
3. Бағдарламаны орнатыңыз.

## Балама ретінде:

1. Таңдау тетігін ● "Қайта қалп. келт." қалпына бұраңыз.
2. 1 секунд күтіңіз. Бейнебетте — — — көрсетіледі.
3. Бағдарламаны орнатыңыз.

## 9.4 Бағдарламаның соңы

Бағдарлама аяқталған кезде:

- Үзік-үзік дыбыстық сигнал естіледі.

- Бейнебетте : көрсетіледі
- Сүзгі және Сауыт индикаторлары жанады.
- Бастау/Үзіліс индикаторы жанады. Егер Мыжылудан қосымша сақтау опциясы орнатылған болса, құрылғы қыжымданудан сақтау функциясымен бірге тағы 30 минут не бұдан ұзақ жұмыс істейді. (*Опция - Мыжылудан қосымша сақтау тармағын қараңыз*).

Қыжымданудан сақтандыру функциясы қыжымдануды азайтады.

Кірді қыжымданудан сақтау циклы аяқталмай тұрып алуға болады. Нәтижесі жақсы болу үшін кірді цикл аяқталған кезде немесе аяқталуға жақын қалған кезде алуды ұсынамыз.

Қыжымданудан сақтау циклы аяқталғанда:

- Дисплейде әлі : көрсетіліп тұр
  - Сүзгі және Сауыт индикаторлары жанады.
  - Бастау/Үзіліс индикаторы өшеді.
1. Құрылғыны сөндіру үшін қосу/өшіру түймесігін басыңыз.
  2. Құрылғы есігін ашыңыз.
  3. Кірді алып шығыңыз.
  4. Құрылғы есігін жабыңыз. Кептірудің қанағаттанғысыз нәтижелерінің ықтимал себептері:
    - Құрғақтық деңгейінің әдепкі параметрлері жеткіліксіз. *Әдепкі құрғақтық деңгейін реттеу* тарауын қараңыз.



**Бағдарлама аяқталған кезде сүзгіні ерқашан тазалаңыз және су сауытын босатыңыз.**

## 9.5 Күту режимі

Пайдаланылатын қуатты азайту үшін, бұл функция құрылғыны автоматты түрде сөндіреді:

- Егер бағдарламаны бастамасаңыз 5 минуттан кейін.
- Бағдарлама аяқталғаннан кейін 5 минут өткен кезде.



Таңдау тетігін ● "Қайта қалп. келт." қалпында тұрса, уақыт 30 секундқа азаяды.

## 10. АҚЫЛ-КЕҢЕС

### 10.1 Кірді дайындау



Жуу циклынан кейін киімдер жиі иленіп және оралып қалады. Иленген және оралған киімдерді кептіру тиімсіз. Ауа ағынының дұрыстығын және біркелкі кептіруді қамтамасыз үшін киімді бір-бірден кептіргішке салу ұсынылады.

Кептіру үрдісін дұрыс қамтамасыз ету:

- Тартқыштарын жабыңыз.
- Көрпе тыстарының түймелерін салыңыз.
- Галстук немесе бантикерді (мысалы, фартук бауларын) сол күйінде кептірмеңіз. Оларды бағдарламаны бастамай тұрып байлаңыз.
- Қалталардағы барлық заттарды алыңыз.
- Ішкі астары мақта матадан жасалған заттарды аударыңыз. Мақта мата қабаты сыртқа қарап тұруы керек.
- Өрқашан кірдің түріне сәйкес бағдарламаны орнатыңыз.
- Ашық және баран түстерді бірге салмаңыз.
- Мақта мата, джерси және тоқыма заттардың отырып қалуын азайту үшін сай келетін бағдарламаны пайдаланыңыз.
- Бағдарлама тарауында немесе дисплейде көрсетілген макс. салынатын кір салмағынан асырмаңыз.
- Кептіргіш машинада кептіруге болатын кірлерді ғана кептіріңіз. Заттардың матасындағы затбелгіні қараңыз.
- Үлкен және кішкене заттарды бірге кептірмеңіз. Кішкене заттар үлкен заттардың ішіне кіріп, кеппей қалуы мүмкін.
- Үлкен киімдерді, маталарды кептіргішке салар алдында сілкілеңіз. Бұл кептіру циклынан кейін матаның кейбір жерлерінің дымқыл болмауына арналған.

Матаның затбелгісі	Сипаттамасы
	Кептіргіш машинамен кептіруге жарамды кір.
	Кептіргіш машинамен жоғары температурада кептіруге жарамды кір.
	Кептіргіш машинамен төмен температурада ғана кептіруге жарамды кір.
	Кептіргіш машинамен кептіруге жарамсыз кір.

# 11. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ

## 11.1 Сүзгіні тазалау



### АБАЙЛАҢЫЗ


Сүзгіні тазалау үшін суды пайдаланбаңыз. Қыл-қыбырды қоқыс шелегіне тастаңыз (пластик талшықты суға салмаңыз).




Жақсы кептіру нәтижесіне қол жеткізу үшін сүзгіні үнемі тазартып отырыңыз, бітелген сүзгі циклдардың уақытын ұзартуға және қуатты көбірек тұтынуға әкеледі.

Сүзгіні қолмен тазалаңыз, қажетіне қарай шаңсорғышты пайдаланыңыз .


1.




2.




3.




4.



5. 1)



6.




1) Қажет болса сүзгінің ұясы мен тығыздағышындағы қыл-қыбырды тазалаңыз. Шаңсорғышты пайдалануға болады.




## 11.2 Су сауытын босату


1.




2.



3.




4.




Су сауытындағы суды тазартылған судың орнына (мысалы, булап үтіктеу үшін) пайдаланыңыз. Суды пайдаланар алдында қалдықтарын сүзгімен тазалаңыз.

## 11.3 Қызу алмастырғышты тазалау


1.




2.




3.




4.




5.




6.




7.




8.



9.



10.



## 11.4 Ылғалдылық сенсорын тазалау



### АБАЙЛАҢЫЗ

Ылғалдылық сенсорының зақымдану қаупі бар. Сенсорды тазалау үшін жеміргіш материалдарды немесе темір жүн жөкені қолданбаңыз.

Жақсы кептіру нәтижелеріне қол жеткізу үшін құрылғы металл ылғалдылық сенсорымен жабдықталған. Ол есіктің ішкі жағына орналастырылған.

Қолдану барысында сенсордың беті кірлеуі мүмкін, бұл кептіруді нашарлатады.


Сенсорды кем дегенде 3 немесе 4 рет немесе кептіру нәтижесі нашарлаған жағдайда тазалауды ұсынамыз.

Тазалау үшін ыдыс жууға арналған жөкенің нығыз жағын және аздап сірке

суын немесе ыдыс жууға арналған сабынды пайдаланыңыз.

Сенсорды тазалау үшін:

1. Кір салынатын есікті ашыңыз.
2. Ылғалдылық сенсорының металл бетін бірнеше рет сүртіп, тазалаңыз.



## 11.5 Барабанды тазалау



### ЕСКЕРТУ!

Құрылғыны тазалап алдында тоқтан ағытыңыз.

Барабанның ішкі беті мен барабан көтергіштерді тазалау үшін стандартты бейтарап сабынды жуғышты қолданыңыз. Тазаланған бетті жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



### АБАЙЛАҢЫЗ

Барабанды тазалау үшін жеміргіш материалдарды немесе темір жүн жөкені қолданбаңыз.

## 11.6 Басқару панелі мен корпусын тазалау

Басқару панелі мен корпусын тазалау үшін стандартты, бейтарап сабынды жуғышты қолданыңыз.

Тазалау үшін дымқыл шүберекті қолданыңыз. Тазаланған бетті жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



### АБАЙЛАҢЫЗ

Құрылғыны жиһаз тазалайтын заттармен не тот бастыратын жуғыш заттармен тазаламаңыз.

## 11.7 Ауа шығатын саңылауларын тазалау

Желдеткіш саңылаулардағы қыл-қыбырды тазалау үшін шаңсорғышты пайдаланыңыз.

# 12. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ

Ақаулық	Ықтимал шешімі
Құрылғыны іске қоса алмадыңыз.	Ашаның розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Сақтандырғыш қорабындағы (үй желісіндегі) сақтандырғышты тексеріңіз.
Бағдарлама басталмай тұр.	Бастау/Үзіліс түймесін басыңыз.
	Құрылғы есігінің жабық тұрғанына көз жеткізіңіз.
Құрылғының есігі жабылмайды.	Сүзгінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
	Құрылғының есігі мен резеңке тығыздағышының арасына кір қыстырылып қалмағанын тексеріңіз.
Құрылғы жұмыс істеп тұрып тоқтап қалады.	Су сауытының бос екеніне көз жеткізіңіз. Бағдарламаны қайта бастау үшін Бастау/Үзіліс түймешігін басыңыз.
	Өте аз кір салынған, кірді көбірек салыңыз не Кептіру уақыты бағдарламасын пайдаланыңыз.
Цикл уақыты тым ұзақ немесе кептіру нәтижесі қанағаттанғысыз. <sup>1)</sup>	Кір салмағының бағдарлама уақытына сай келетініне көз жеткізіңіз.
	Сүзгінің таза екеніне көз жеткізіңіз.
	Кір өте дымқыл. Кірді кір жуғыш машинаға салып қайта айналдырыңыз.

Ақаулық	Ықтимал шешімі
	Бөлме температурасының +5°C градустан жоғары және +35°C градустан төмен болуын қамтамасыз етіңіз. Бөлменің оңтайлы температурасы 18°C градустан 25°C градусқа дейін.
	Кептіру уақыты немесе Өте құрғақ бағдарламасын орнатыңыз. <sup>2)</sup>
Дисплейде — — — пайда болады.	Егер жаңа бағдарлама орнатқыңыз келсе, құрылғыны сөндіріңіз де, қосыңыз.
	Функциялардың бағдарламаға сай келетініне көз жеткізіңіз.
Дисплейде қате коды көрсетіледі (мысалы, E51).	Құрылғыны сөндіріңіз де, іске қосыңыз. Жаңа бағдарламаны бастаңыз. Ақаулық қайта орын алса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

1) Ең көбі 5 сағат өткеннен кейін бағдарлама автоматты түрде аяқталады.

2) Үлкен заттарды (мысалы, үлкен ақжаймалар) кептірген кезде кей жерлері дымқыл қалпы қалуы мүмкін.

### 12.1 Егер кептіру нәтижелері қанағаттанарлық болмаса

- Дұрыс бағдарлама орнатылмаған.
- Сүзгі бітеліп қалған.
- Қызу алмастырғыш бітелген.
- Құрылғыға өте көп кір салынған.
- Барабанның іші лас.
- Өткізгіш сенсорының параметрі дұрыс орнатылмаған (Жақсырақ параметрді "Параметрлер - Кірде қалған ылғал деңгейін реттеу" тарауынан қараңыз).
- Ауа шығаратын саңылаулар бітелген.
- Бөлме температурасы тым төмен немесе тым жоғары (бөлменің оңтайлы температурасы 18°C градустан 25°C градусқа дейін)

## 13. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Биіктігі x Ені x Тереңдігі	850 x 596 x 570 мм (ең көбі 594 мм)
Құрылғының есігі ашық тұрған кездегі макс. тереңдігі	1039 мм
Құрылғының есігі ашық тұрған кездегі макс. ені	958 мм
Реттеуге болатын биіктік	850 мм (+ 15 мм - тіректерді реттеу)
Барабанның сыйымдылығы	104 л
Кірдің макс. салмағы	7 кг

Кернеу	230 В
Жиілік	50 Гц
Дыбыс деңгейі	66 дБ
Жалпы қуаты	2250 Вт
Қуат тиімділігі санаты	<b>В</b>
Кір толтырыла салынған стандартты мақта мата бағдарламасының пайдаланылатын қуаты. <b>1)</b>	<b>4,23</b> кВт/сағ
Кір жартылай толтырылған стандартты мақта мата бағдарламасының пайдаланылатын қуаты. <b>2)</b>	<b>2,29</b> кВт/сағ
Жылдық пайдаланылатын қуат көлемі <b>3)</b>	503,5 кВт/сағ
Қосулы тұрғанда пайдаланылатын қуат мөлшері <b>4)</b>	0,50 Вт
Сөндірулі тұрғанда пайдаланылатын қуат мөлшері <b>4)</b>	0,50 Вт
Қолдану түрі	Тұрмыста қолдану
Рұқсат етілетін қоршаған орта температурасы	+ 5°C бастап + 35°C дейін
Төмен кернеумен жұмыс істейтін және ылғалға қарсы қорғалмаған жерлерден басқа жерлердің барлығы қатты заттар және ылғалдың кіруіне жол бермейтін қорғаныс қабатымен қорғалған	<b>IPX4</b>

**1)** EN 61121 стандарты бойынша. 7 кг мақта мата 1000 мин/айн бойынша айналдырылады.

**2)** EN 61121 стандарты бойынша. 3,5 кг мақта мата 1000 мин/айн бойынша айналдырылады.

**3)** Жылдық пайдаланылатын қуаттың кВт/сағ мәнімен көрсетілетін көлемі, мақта матаны толтыра және жартылай толтыра салып, қуат аз тұтынатын стандартты мақта мата бағдарламасымен 160 кептіру циклын орындау негізінде анықталған. Өр циклдың пайдаланатын қуатының мөлшері құрылғының қалай пайдаланылғанына байланысты (СТАНДАРТ (ЕО) № 392/2012).

**4)** EN 61121 стандартына сілтеме.

Жоғарғы кестедегі ақпарат 392/2012 стандартына сай, ЕО Комиссиясының 2009/125/ЕС директивасын жүзеге асыру үшін берілген.

### 13.1 Пайдаланылатын ресурс деректері


Бағдарлама	Айналдыру жылд. / қалған ылғалд.	Кептіру уақыты <sup>1)</sup>	Қуатты тұтынуы <sup>2)</sup>
Мақта мата <b>Есо</b> 7 кг			
Шкафқа	1400 мин/айн 50%	119 мин.	3,63 кВт/сағ
	1000 мин/айн 60%	139 мин.	4,23 кВт/сағ
Мақта мата 7 кг			
Үтіктеуге	1400 мин/айн 50%	90 мин.	2,73 кВт/сағ
	1000 мин/айн 60%	107 мин.	3,37 кВт/сағ
Мақта мата <b>Есо</b> 3,5 кг			
Шкафқа	1400 мин/айн 50%	70 мин.	1,96 кВт/сағ
	1000 мин/айн 60%	82 мин.	2,29 кВт/сағ
Синтетика 3,5 кг			
Шкафқа	1200 мин/айн 40%	62 мин.	1,59 кВт/сағ
	800 мин/айн 50%	74 мин.	1,93 кВт/сағ

1) Кірді жартылай толтырып салғанда цикл қысқарақ және құрылғы азырақ қуат пайдаланады.

2) Қоршаған орта температурасы сай келмесе және/немесе кір дұрыс салынбаса, цикл уақыты ұзарады және қуат көбірек пайдаланылады.


## 14. ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ


### 14.1 Әркүндік қолдану






























1. Құрылғыны іске қосу үшін Қосу/Сөндіру түймешігін басыңыз.
2. Бағдарламаны орнату үшін бағдарлама тетігін қолданыңыз.
3. Бағдарламаға 1 немесе одан көп арнайы функцияларды орнатуға
4. Бағдарламаны бастау үшін **Бастау/Үзіліс** түймесін түртіңіз.
5. Құрылғы жұмыс істей бастайды.

### 14.2 Сүзгіні тазалау



Әр циклдың соңында, дисплейде  белгісі жанады және сүзгіні тазалау қажет.

## 14.3 Бағдарлама кестесі


Бағдарлама	Жүк <sup>1)</sup>	Ерекшеліктері / Мата түрі <sup>2)</sup>
 <sup>3)</sup> Мақта мата Eco	7 кг	Қуатты барынша үнемдеп, мақта матаны "мақта мата, шкафқа" кептіру деңгейіне дейін кептіруге арналған цикл. /  
Мақта мата Өте құрғақ	7 кг	Кептіру деңгейі: өте құрғақ. /  
Мақта мата Шкафқа	7 кг	Барлық мақта мата түрлерін сақтауға болатын (шкафқа) етіп кептіруге арналған цикл. /  
Мақта мата Үтіктеуге	7 кг	Кептіру деңгейі: үтіктеуге жарамды. /  
Синтетика Өте құрғақ	3,5 кг	Кептіру деңгейі: өте құрғақ. /   
Синтетика Шкафқа	3,5 кг	Кептіру деңгейі: шкафқа. /   
Жеңіл үтіктеу	1 кг (немесе 5 жейде)	Шамалы ғана үтіктеуді қажет ететін, көп күтім талап етпейтін маталар. Кептіру нәтижесі матаның түріне қарай өзгеше болуы мүмкін. Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз. Бағдарлама аяқталған кезде заттарды дереу алып, ілгішке іліңіз. /   
Кептіру уақыты	5кг	Бұл бағдарламада Кептіру уақыты функциясын қолдануға және бағдарлама уақытын орнатуға болады. Кептіру уақыты жүк салмағына сай келуі керек, мысалы, 5кг мақта мата үшін 2сағ. /   
Жаңарту	1кг	Шкафта тұрған маталарды жаңарту.
Аралас	3кг	Мақта мата және синтетика маталар. Төмен температуралы бағдарлама. Жылы ауаны пайдаланып баппен кептіретін бағдарлама. /   
Спорт	2кг	Спорт киімдері, жұқа және жеңіл маталар, микроталшық, полиэстер. /   




Бағдарлама	Жүк <sup>1)</sup>	Ерекшеліктері / Мата түрі <sup>2)</sup>
Төсек жаймалары	3кг	Жалқы және қос қабат төсек жаймалары, жастық қаптары, көрпе тысы. / ☹️☹️☹️
Деним	4кг	Джинс, жейде тәрізді қалыңдығы әр түрлі (мысалы, мойыны, манжеті, тігістері) материалдан жасалған, демалыс киімдері. / ☹️☹️☹️
Нәзік мата	4кг	Вискоза, жасанды жібек, акрил және басқа қоспалар. / ☹️☹️☹️


1) Ең үлкен салмақ құрғақ заттардың негізінде берілген.

2) Мата таңбасының мағынасын АҚЫЛ-КЕҢЕС: Кірді дайындау тармағынан қараңыз.

3)  Мақта мата Шкафқа ЕСО бағдарламасы ЕО Комиссиясының №392/2012 директивасына сәйкес келетін “Стандартты мақта мата бағдарламасы” болып табылады. Бұл қалыпты деңгейдегі дымқыл мақта матаны кептіруге арналған және дымқыл мақта маталарды кептіру үшін қуатты үнемдеу жағынан барынша тиімді бағдарлама.

## 15. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАР

Белгі  салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиян

келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі  салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

Осы өнімнің өндірілген күні сериялық нөмірде көрсетілген, оның нөмірінің бірінші саны өндірілген жылдың соңғы санына, екінші және үшінші сандар аптаның реттік нөміріне сәйкес келеді. Мысалы, 14512345 сериялық нөмірі өнім 2021 жылдың қырық бесінші аптасында өндірілгенін білдіреді.

Өндіруші: Electrolux Appliances AB, St. Göransgatan 143, 105 45 Stockholm, Швеция

Импорттаушы және өндірушінің уәкілетті ұйымы:

ООО «Электролюкс Рус», Кожевнический проезд 1, 115114, Мәскеу/Москва, тел.: 8-800-444-444-8

Польшада жасалған

## СОДЕРЖАНИЕ

1. СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ.....	27
2. УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ.....	30
3. ОПИСАНИЕ ИЗДЕЛИЯ.....	32
4. ПАНЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ.....	32
5. ТАБЛИЦА ПРОГРАММ.....	33
6. РЕЖИМЫ.....	35
7. ПАРАМЕТРЫ.....	36
8. ПЕРЕД ПЕРВЫМ ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ.....	38
9. ЕЖЕДНЕВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ.....	39
10. ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ.....	40
11. УХОД И ОЧИСТКА.....	41
12. УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ.....	44
13. ТЕХНИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ.....	46
14. КРАТКОЕ РУКОВОДСТВО.....	48

## МЫ ДУМАЕМ О ВАС

Благодарим вас за приобретение прибора Electrolux. Вы выбрали изделие, за которым стоят десятилетия профессионального опыта и инноваций. Уникальное и стильное, оно создавалось с заботой о вас. Поэтому когда бы вы ни воспользовались им, вы можете быть уверены: результаты всегда будут превосходными.

Добро пожаловать в Electrolux!

**На нашем веб-сайте вы сможете:**



Найти рекомендации по использованию изделий, руководства по эксплуатации, мастер устранения неисправностей, информацию о техническом обслуживании:

**[www.electrolux.ru/support](http://www.electrolux.ru/support)**



Зарегистрировать свое изделие для улучшения обслуживания:

**[www.promo.electrolux.ru](http://www.promo.electrolux.ru)**




Приобрести дополнительные принадлежности, расходные материалы и фирменные запасные части для своего прибора:


**[www.electrolux-1.ru](http://www.electrolux-1.ru)**

## ПОДДЕРЖКА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ И СЕРВИСНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Мы рекомендуем использовать оригинальные запчасти.

При обращении в сервис-центр следует иметь под рукой следующую информацию: модель, продуктовый номер (PNC), серийный номер. Данная информация находится на табличке с техническими данными.

 **Внимание / Важные сведения по технике безопасности.**

 **Общая информация и рекомендации**

 **Информация по охране окружающей среды**

Право на изменения сохраняется.

## 1. ⚠ СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Прежде чем приступить к установке и эксплуатации прибора внимательно ознакомьтесь с приложенным руководством. Производитель не несет ответственность за какие-либо травмы или ущерб, возникшие вследствие неправильной установки или эксплуатации. Всегда храните эту Инструкцию под рукой в надежном месте для последующего использования.

### 1.1 Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями



#### ВНИМАНИЕ!

Существует риск удушья, получения травм или стойких нарушений трудоспособности.

- Данный прибор может эксплуатироваться детьми, если их возраст превышает 8 лет, и лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями и с недостаточным опытом или знаниями только при условии нахождения под присмотром лица, отвечающего за их безопасность, или после получения соответствующих инструкций, позволяющих им безопасно эксплуатировать электроприбор и дающих им представление об опасности, сопряженной с его эксплуатацией.
- Детям в возрасте от 3 до 8 лет, а также лицам с ярко выраженными и комплексными нарушениями здоровья запрещается находиться рядом с прибором, если только за ними не обеспечивается постоянный надзор.
- Детям младше 3 лет запрещается находиться рядом с прибором, если только за ними не обеспечивается постоянный надзор взрослых.
- Не позволяйте детям играть с прибором.

